



Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал



Шейх Әбсаттар қажы
ДЕРЫСӘЛІ,
Қазақстан мұсылмандары діни
басқармасы мен Орта Азия
мұфтилер кеңесінің төрағасы,
Бас мұфти

РУХЫН СҮЙГЕН ҚАЙРАТКЕР

(Көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым Өзбекәлі Жәнібеков жайлы жадымдағылар)

Түрлі ғасырлар мен килы кезендерде Жаратушы иеміз отанын сүйетін, халқына қызмет етіп, оны қадірлейтін, қастерлейтін пенделерін дүниеге келтіріп отырған. Олар сол кездегі билік пен саяси жағдай және идеологияға карамастан ел мүддесі үшін аянбай қызмет ететін. Сөйтіп елін ардақтайтын, халқының қадіріне жететін азаматтарға айналатын. Солардың бірі Өзбекәлі Жәнібеков еді.

1976 жылдың соңында Мәскеу Шығыстану институтының аспирантурасын «араб тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітіріп елге оралған соң, Қазақ ССР Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы әдебиет және институтына қызметке қабылдандым. Арада бірнеше ай өткен соң 1977 жылдың ақпанында С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті оқытушылық қызметке шақырды. Өйткені 1975 жылғы 9-сәуірде Қазақстан Үкіметі «Жалпы білім беретін кейбір мектептерде араб тілін оқыту және ондай ондай мектептерге педагогикалық кадрлерді дайындау» жайлы қаулы қабылдапты. Оны орындау үшін 1976-1977 оқу жылы С.М.Киров атындағы қазақ мемлекеттік университетінің филология факультеті «шығыс тілдері мен әдебиеті» мамандығы бойынша мамандар дайындауға кіріскен. Сондай-ақ «Мектеп» баспасынан да осы тілді оқытатын мектептерге оқулық дайындау мақсатымен редакция ашылған.

Қаулының қабылдануына сол жылдары бірқатар зиялы азаматтарымыздың республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында шығыс тілдерін оқыту, ислам өркениеті, мұсылман дүниесімен еліміздің тарихи байланысы, әдеби-мәдени қарым-қатынастарды қалпына келтіру туралы бастамалары мен ұсыныстары хақында жазған мақалалары, хаттары түрткі болған.



Өзбекәлі Жәнібеков

КазГУ-ге шақырылуыма да сол қаулының себеп болғаны күмәнсіз.

Содан 1977 жылы сәуірде Мәскеуде кандидаттық диссертация қорғағаннан кейін, шығыстанушылар бірте-бірте университетте жинала бастады. Сөйтіп араб тілі бөлімін ашу ісі қарқындай жүрді.

1978 жылдың оқу жылының соңында, жазғы демалысқа шығар алдында университет ректоры Өмірбек Жолдасбеков шақырды. Бардым. Жаңа бөлімді ашу барысын сұрады. Атқарылған жұмыс жайлы қысқаша есеп бердім. Өмекең бірер секундтік үзілістен кейін Өзбекәлі Жәнібеков хақында сұрады. Білмейтінімді айттым. Біраз жыл сыртта жүріп, ел өмірінен қол үзіп қалғандықтан да болар, ол кісіні шынында да танымайды екенмін.

– Ол Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары, – деді Өмекең. Биыл, 1978 жылдың күзіне таман бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстанда конгресі өтпек. Одан соң делегаттардың бір тобы Түркістанға бармақ көрінеді. Соған байланысты Өзекең Түркістанға Қожа Ахмет Йасауи кесенесін реставрациялауға басшылық жасау үшін жүріп кетті. Сапары алдында маған телефон соғып, сені араб тілі мен әдебиетінің маманы ретінде Түркістанға жіберуді өтінді. «Кесенеді ол айналысатын жұмыстар көп, келсін» деді.

Бұл шілде айының басы еді.

Оңтүстік Қазақстан облысынан болсам да Түркістанды және Қожа Ахмет Йасауи кесенесін бұрындары көрмеген екенмін. Сол себепті оны көруге деген қызығушылықтан ба алдағы демалысты да ұмытып Түркістанға жеткенше асықтым. Әрине ол жайлы әуелі кафедра меңгерушісі профессор Зейнолла Қабдоловты хабардар еттім.

Араб бөлімі әлі әзір ашыла қоймағандықтан мен сол кафедраға аға оқытушы болып қабылданған едім. Зекең маған қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлері пәнін берді. Оны кезінде профессор Бейсенбай Кенжебаев, одан кейін Мырзатай Жолдасбеков жүргізіп келіпті. Мырзекең Талдықорған педагогикалық институтына ректор болып кеткеннен кейін, оның босаған орнына мен тағайындалғанмын. Сабағы да маған берілді. Ол пәннің бірер сағаты Қожа Ахмет Йасауидің өмірі мен еңбегіне арналғанды. Кідірмей Түркістанға аттануымның тағы бір себебі де сол еді.

1. ТҮРКІСТАН. ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ КЕСЕНЕСІ

Жолға шығудан бұрын ежелгі шаһардың тарихы, Қожа Ахмет Йасауи кесенесі және дана баба туралы деректер іздедім. Кесене туралы А.М.Лерх, Н.Я.Бичурин, И.А.Диваев, А.А.Ахмеров, Н.С.Лыкошин, Н.И.Веселовский, Б.Н.Денике, М.Е.Массон, А.А.Семенов, Б.Н.Засыпкин, Г.И.Пацевич, Н.М.Багинский, Т.Ш.Карумидзе, Т.Басенов секілді бірқатар ғалымдардың жазба дүниелері бар екен. Ал ақын, ойпаз бабаның шығармашылығы жайлы Е.Э.Бертельс, А.К.Боровков, А.Н.Самойлович, Ә.Наджиб, Фуад Куприлизде, Э.Рүстемов, Н.Маллаев, М.Хаққұлов, елімізден

профессор Б.Кенжебаев, Х.Ж.Сүйіншалиев, М.Жолдасбеков және тағы басқалар біраз зерттеулер жазыпты. Оларды да оқып шықтым.

Темірланның оңтүстігіндегі Арыс өзенінен өткен соң аудан орталығы Темірланға тоқтадым. Бұл жерде кезінде Ақсақ Темір секілді түркі халқының тарихында елеулі із қалдырған көптеген тарихи талай кісілер өткен. Оның маңында да біраз шаһарлар мен камал-қорғандар болған. Олар бірақ қирап төбе болып жатыр.

Одан Төрткөл, сонан соң Иқанға ат басын тіредім. Иқан да ежелгі қала. Ол да Отырар секілді қирап, жол шетінде үйіліп төбеге айналған.

Сонымен Түркістанға жеттім. Ол қала деуден гөрі үлкен ауылға ұқсайды. Аудандық атқару комитетінің шағын мейманханасына орналасқаннан кейін, баба кесенесіне келдім. Күн ыстық. Кесене іші қара көлеңке. Іште біраз кісілер зембілмен сыртқа бірдеңе шығарып жүр. Кездескендерден Мәдениет министрінің орынбасары Өзбекәлі Жәнібековты сұрадым. Біреу зембілдің екінші жағын көтеріп бара жатқан кісіні нұсқады. Министрдің орынбасары дегенге жуан қарынды, қолына папкі ұстап, жұртты жұмсап жүрген біреу шығар деп ойлағанмын. Олай болмай шықты. Әлгі зембіл көтерген кісі сырттан қайта оралған соң барып сәлемдестім. Ол қабағы қатыңқы, аз сөйлейтін жан екен.

– Иә, келгенің жақсы болды. Кесененің сыртқы дуалдары мен ішкі қабырғалары, есіктері және ішіндегі біраз құлпытастарда да арабша жазулар бар. Соларды қарап, зерделеп, қазақ тіліне аудару керек. Уақыт аз, жұмыс көп деді.

Өзбекәлі ағамызбен таныстығым осылай басталды. Әуелі кесенені аралап шықтым. Жарық әлсіздеу екен. Жазулар әрең көрінеді. Мұнда менің алдымда ғана Алматыдан Қазреставрация институтының біраз қызметкерлері келіп, жұмысқа кірісіп кетіпті Олар экспозиция дайындау үстінде.

Түркістан. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі.

Кесене XV ғасыр басында салынған. Ақсақ Темір 1395 жылдары бабаның ескі мазарының орнына жаңа кесене тұрғызуға бұйрық берген. 1396 жылы атақты қолбасшы Моғолстанның билеушісі Қызыр Қожа ханның қызы Түкелі ханымға үйленбек болады. Қалыңдық керуенін күншілік жерден күтіп алу үшін Ақсақ Темір жолға шығады. Керуеннің бірер күннен соң келетіні жайлы хабар алғаннан кейін, уақытты босқа өткізбес үшін Сырдария бойындағы Шыназдан Түркістанға барып, құрылыс барысымен танысып қайтады.

Әйтсе де 1405 жылы қаңтарда Ақсақ Темір Отырар мен Темірлан арасында қайтыс болған соң, құрылысшылар кесенені бітірмей қашып кеткен. Сөйтіп кесененің хасбеті шынында да аяқталмай қалыпты.

1920 жылдарға дейін Түркістанда баба кесенесі маңында «Әулие Құмшық ата жер асты мешіті», «Хилует» мешіті, «Жұма мешіт», «Жәудір мешіт» сияқты тағы да басқа 60-қа жуық мешіттер болған. Ал кесене Қазақстандағы бірегей ескерткіш.

Сонымен Өзекең тапсырған іске кірісіп кеттім. Қажет кезде ақыл-кеңес сұрап тұрдым.

– Оңтүстік Қазақстан ислам жәдігерліктеріне бай, – деді Өзекең бірде.

– Иә, ортағасырлық Әбу Саъд Абд әл-Карим ас-Самъани (1113-1167) «әл-Ансабында» – «Шежіресінде», Йақут әл-Хамауи ар-Руми (1179-1229) «Мұғжам» әл-бұлданында» – «Елдер жайлы анықтамалығында» және тағы басқалар Қазақ жерінде болған шаһарлар мен одан шыққан даналар мен ойшылдар туралы біраз деректер қалдырған.

– Ендеше жолай Темірлан мен Иканға соға кеткенің дұрыс болған. Ол жерлердегі біраз шаһарлар да өз зерттеушілерін күтіп жатыр, – деді Өзекең.

– Орта Азияның аталмыш зиялысы Әбу Саъд ас-Самъани және арабтың Йақут әл-Хамауи ар-Руми, әл-Мақдиси секілді ғұламалары Темірлан маңы, Арыс бойында болған Арысбаникас (Арыскент) атты қала мен одан шыққан ғұламалар туралы да жазыпты. Мысалы сол Темірлан кенті маңында Арыскенттен басқа Қараспан деген камал-кентте Ақсақ Темір Тоқтамыстың елшісін қабылдаған дейді тарихи деректер.

Өзекең Риза болды.

– Күні бүгінге дейін кейбір ғалымсымақтар қазақ халқы түгелдей көшпелі болды, біздің көзімізді Октябрь революциясы ашты деп жүр ғой. Қалай ойлайсың? Шынында да солай ма деп сауал қойды Өзекең.

– Меніңше олай емес. Сіз Қазақстан ислам жәдігерліктеріне бай дедіңіз ғой. Осы пікіріңіз дұрыс! Олай болмаса Түркістан, Тараз, Сығанақты кім салып берді? Онда кімдер тұрды? Ол жерлерді ежелден ата-бабаларымыз мекен еткен деп ойлаймын.

Өзекең сүйсіне жымиды да:

– Икан мен Түркістанның оңтүстігіндегі Отырар – Фарабтан шыққан Әбу Наср әл-Фарабидің (870-950) көл-көсір жазба мұрасын зерттейтін Алматыда ғылыми орталық құрылды. Солармен де байланысып тұрғаның жөн, – деді.

– Иә, Иканда туылып, 31 жасқа дейін Отырарда имам, 25 жыл Бағдадта қазы, Каирдегі Сұрғатмишия медресесінде ұстаз болған Қауам ад-дин Әл-Итқани (Икани) әл-Фараби ат-Түркістани (1286-1357) деген де ірі тұлғаны таптым. Әттең бірақ Отырар сияқты Икан да қирап кетіпті, – дедім Өзекеңе.

Осылай екеумізге ортақ әңгіме табылуына байланысты сөзіміз жарасып кетті.

Бірде Өзекең Қожа Ахмет Йасауи кесенесі маңындағы хилуетті (жертөлени) көрейік деді.

– Өзім де ол жайлы ойлап жүргем. Хилует –

«Қылует» Баба кесенесінің оңтүстігінде, кесенеден шамамен 100 метрдей жерде екен. Әуелі ол, сонан соң мен данышпанның жертөлесіне түстік. Хилует туралы кітаптардан оқығам. Енді көзіммен көріп тұрмын. Оның ортаңғы бас бөлмесінің кеңдігі 2x2, ал биіктігі біржарым метрдей яғни орта бойлы адам еркін жүре алатындай. Бөлме қабырғасына шырақ қоятын текшелер жасалған. Қылуеттің екінші шеті бітеліп қалған ба, білмедім, әрі қарай жүре алмадық. Міне, осы жерде ақын баба 63 жасқа толған соң, пайғамбар жасына жеттім, одан әрі өмір сүруім күпірлік деп, жертөле қаздырып, күн кешкен.

– Түркістанда бір айдай болған кезде Өзекеңнің біреуге дауыс көтеріп ұрсып, жекіргенін көрмедім. Аз сөйлеп, бұйрықты емеурінмен білдіріп жүрді. Реставрацияның қара жұмысына да аралысып отырды.

Кешке жұмыстан оралған соң қонақ үйге келіп бірге демаламыз. Ұзамай Алматыдан. Дәркенбай Шокпаров деген жігіт келді. Ол колөнер саласының маманы, зергер екен. Реставрация жұмысына белсене қатысты.

Кесене директоры сол жылдары жиі ауысып тұрған. Реставрация кезінде директор міндетін Алжирде қызмет етіп келген бір азамат атқарды. Сол кісі Өзекең екеумізді бірде үйіне қонаққа шақырды. Өзекең көңілді отырды. Талай әңгімелер айтылды. Үй иесі де Алжирді еске алды.

Алжир дегеннен шығады, Өзекең араб тілі мен әдебиеті мәселесіне қызығушылық таныта келе, қасиетті Құран мен осы заманғы ғылым, білім және бұқаралық ақпарат құралдарының тілі туралы сұрады. Мен барлық араб елдерінің ғылым білімі мен газет, журнал, радио мен теледидарлары, әдебиеті мен мәдениеті, киносы мен театрының тілі, бұрын да қазір де қасиетті Құран тілі екенін, сонымен қатар барлық араб елдерінде жергілікті диалекті де жоқ еместігін, диалект негізінен, көшенің хат танымайтын халқының тілі екенін айттым. Диалект Машрик (Сирия, Иран, Иордания, Ливан, Біріккен Араб Әмірліктері, Кувейт, Оман, Йемен, Сауда Арабиясы) және Мағриб болып (Солтүстік Африкадағы араб елдері) екіге бөлінетініне тоқтадым.

Өзекең өз кезегінде Қазақстанның ЛКЖО комитетін басқарған жылдары басынан өткен біраз жайттар жайлы сыр шертті.

2. «ҰЛЫҚ БОЛСАҢ КІШІК БОЛ»

Бір күні кесене қызметкерлерінің бірі Өзекеңе демалыс күні Сырдарияға барып, балық аулауды ұсынды. Ол келісті. Жұмыстан соң сонда тарттық, біреуі балықшы торын ала келіпті.

Сырдарияны алғаш көруім. Дария Түркістаннан онша алыс емес екен. Тез-ақ жеттік. Өзеннің ағысы

каттылау, әрі аунап ағатыны байқалды. Суы лайлау. Өзен сағаларға бөлініп кетіпті. Біріне ау құрдық. Бір шелектей балық ұстадық қой деймін. Оны ыдысқа салып пісірдік, Өзекең де ол іске белсене араласып, бізбен құрдасындай емен-жарқын әзілдесіп жүрді. Сөйтіп оның қарапайымдылығына кісілігі жарасқан үлкен жүректі адами тұлғасына тәнті болдым.

Иә, бұл сапар солай Өзекең секілді үлкен мемлекет қайраткерінің қарапайым, «ұлық болсаң кішік бол» деген халқымыздың дана сөзіне лайық екеніне көзім жетті. Дариядан Түркістанға түн жарымда қайтып оралдық.

Өзекеңнің үлкенді де, кішіні де өзіне тартып жүрді. Ол маған реті келген сайын Оңтүстік өңірінің тарихы, онда өткен кісілер туралы әңгімелейтін. Сыр бойындағы Сүткент, Сауран, Сығанақ, Өзкент және т.б. шаһарлар туралы біраз деректер айтты. Бұл ретте Түркістанның жай-жапсары да назардан тыс қалған жоқ.

3. САУРАНДА

Реставрация арасында Өзекең екеуміз Түркістаннан 40 шақырымдай жердегі Сауранға да бардық. Ежелгі қаланың мүжілген алып дуалдары ғана қалыпты. Маңы теп-тегіс. Солтүстіктен қарауытып Қаратау көрінеді. Сауран мен оның айналасында Ақсақ Темірдің атты әскері тұрған және осы қалада құйылған кірпіштер Түркістанға кесене салу үшін қолдан-қолға ұзату арқылы жеткізілген деседі.

Сауран қақпасы маңында тұрмыз. Арырақта бұзылған мешіттің орны жатыр.

Сауран туралы орыс шығыстанушысы П.И. Лерх біраз дерек қалдырса, тағы бір орыс саяхатшысы, журналист әрі тәржімашы, П.М. Пашино 1866 жылы осы біз тұрған жерден екі мұнараны көргенін жазған деді, – Өзекең. Әттең олар бірақ сақталмапты, біздің жылдарымызға жетпепті. Сауранның арғы жағындағы Өзкент те осындай жайтты бастан кешіпті. Міне, Әбеке, осыларды шындап, тереңдете зерттейтін кез келді деді Өзекең.

Мен Өзекеңнің айтқандарын жазып алып жүрдім. Сауранды біраз араладық. Сырдың төменгі ағысы бойында жоғарыда айтылған Өзкент, Аркөк, Қыпшақ, Сығанақ секілді қалалар мен кенттер болған. Олар туралы да Өзекең ерекше бір қызығушылық, құмарлықпен әңгімелейді.

Сонымен Түркістанда бір ай болып тапсырманы аяқтаған соң, тамыздың басында Алматыға қайтып кеттім.

Сапар қорытындысы ретінде «Қазақ әдебиеті» газетінде «Көгілдір күмбездің көне жазулары» атты мақала жарияладым. Онда Қожа Ахмет Йасауи кесенесіндегі жазулар сөз етілді. Мақала жарияланбас бұрын әрине оны Өзекеңе оқытып алғаным есімде.

Өзекең Мәдениет министрінің орынбасары кезінде

білетіндердің айтуынша республиканың музей саласының дамып, бір жүйеге түсуіне, өркендеуіне барынша күш салған. Ол барлық музейлердің экспозицияларын қатты қарап, ретке келтіріп, жүйелеген. «Қазреставрацияның» жұмысына көңіл бөліп, сол арқылы музейлерді өркендеткен. Талдықорған аймағындағы Жаркент мешіті, Тараздың Қарахан кесенесін, Сәтпаев мұражайын қайта реставрациялады. Алматыдағы музыкалық аспаптар музейіне ғимарат бөлдіріп, оның жұмысын да жолға қойған.

4. ЖАРКЕНТ МЕШІТТЕРІ

Өзекеңмен ұшырасып жүрдік. Ол мені тарихи жәдігерлерді реставрациялау ғылыми кеңесінің мүшесі етті. Тарихшы, археолог, этнограф болмасам да Өзекеңнің арқасында халқымыздың ежелгі тарихы, тұрмыс-салты, дәстүрі, қазақ жерінен шыққан перзенттері туралы мағлұмат алып отырдым.

80 жылдар басында Өзекең мені Жаркент сапарына шақырды. Ерте көктем еді. Сапары барысында Қайрат Мұстафин деген ТАСС-тың Қазақстандағы тілшісімен таныстырды. Ол көрнекті жазушы Ғабиден Мұстафиннің баласы екен. Орыс тілді болып шықты. Қайраттың «Волгасы» бар екен. Ол кездері мұндай көлік бедел саналатын. Жаркентке біз соның «Волгасымен» бардық. Жол жөнекей ол Өзекең екеумізге басынан өткен біраз жайттар жайлы әңгімелеп отырды.

– Оң жаққа қараңыздар. Ана қырдың арғы жағында «Шоқан» совхозы жатыр. Соның батыс жағындағы Қоянкөзде Шоқан Уәлиханов жерленген. Басына обелиск қойылған, – деді Өзекең. Терезеден үңіле қарадым.

М.Г.Черняев Оңтүстік Қазақстанды жаулап алу жорығында жергілікті халыққа аса озбырлық, қатігездік, көпайуандық көрсеткен. Әулиеатаны басып алу кезінде оның жандайшаптарының озбырлығына қатты ренжіген Шоқан 1964 жылы бір топ кісілермен отаршыларды талақ тастап, Верныйға қайтып кетеді. Жолай Алтынемел етегіндегі Тезек төренің аулына тоқтап, оның Айсары деген қарындасына (қызына) үйленеді. Бірақ дертінен айыға алмай 1865 жылы сәуір айында әлігі төре аулында қайтыс болады.

Түркістан генерал-губернаторы К.Т.Кауфманның бастамасымен генерал-лейтенант Г.А.Колпаковский, И.Ибрагимов, Н.М.Ядринцев Шоқанның Қоянкөздегі зиратына кейінірек мәрмәрдан ескерткіш орнатқан.

Бұрындары Шоқанды мен Көкшетау жақтағы Сырымбетте жерленген деп ойлайтынмын. Өзекеңнің арқасында үлкен парасат иесінің Жетісуда жерленгенін білдім. Кейінірек Қоянкөздегі Шоқан зиратына арнайы зиярат жасағаным есімде.

Сонымен Сарыөзектен өткен соң, Алтынемел

асуынан асып Жаркентке жақындадық. Аймаққа кіре берісті жар қоршап жатыр. Сол себепті де шаһар Жаркент де аталса керек. Бізді аудандық партия комитетінің хатшысы қарсы алды. Қаладағы ағаштан қиып салынған Қытай сәулет өнері үлгісіндегі тарихи мешітті көрдік.

Оның да өзіндік тарихы бар екен. Мешіт туралы жазылған анықтамалыққа қарағанда «1887 жылы қала жұртшылығынан жиналған қаржыға мешіт салу ұйғарылады. Жауапкершілігін көпес Уәлибай Юлдашев өз мойнына алады. Негізгі құрылыс материалы ретінде ағаш пайдаланылған. Ақсу, Кетпен тауларынан әкелінген Тянь-Шань шыршалары кептіріліп, өңделіп, мешіт құрылысының бөлшектері дайындалған. Құрылыс салуға таңдалып алынған алаңдағы жер нығыздалып, үстіне берік табан тұғыр жасалған. Оған өте үлкен ұстындар қос-қостан жегілген өгіздер күшімен қойылған. Құрылыстың ағаш бөліктерін қиюластырып біріктіру жұмыстары бір жазда аяқталып, 1892 жылы мешіт салынып біткен. Мешіттің кіре беріс порталы орта Азия мен Қазақстанның дәстүрлі сәулет өнері үлгілерімен – сүйірленіп келген орталық үлкен аркамен, екі жақ бұрышқа орнатқан мұнара іспеттес өрнекті ұстындармен, күмбезді шатырлармен көмкерілген. Мешіт имитациялы мұнаралары, әсем нақышты эпиграфиялық жазбалары, оюлармен өрнектеліп салынумен ерекшеленеді.

Ғибадатхана шегесіз өзара қиюластыра бекітілген 122 бағанадан тұрады екен. Ернеуі келісті полихром, өрнекті ойма нақышпен әшекейленген ағаш шатырлар көз тартады. Арка мен дуал беттерін ғимаратқа ерекше табиғи өң беріп тұратын нәзік нақышты ою-өрнек көмкерген. Көкөністік ою-өрнектер ішінде жабайы және фантастикалық-мифологиялық жан-жануарлардың, аспан әлемінің, құстар мен балықтардың бейнелері кездеседі.

Алла үйі ұстындары бірнеше қабат қалың кендір матамен оралып, үстіне түрлі-түсті лак жағылыпты. Олардың бұлайша әшекейленуі оны мүжілуден сақтаумен қатар, архитектуралық ансамбльге әсем де салтанатты көрік беріп тұр. Ұстындар тас тұғырға орнатылған, оның үстінгі ернеуіне геометриялық және көкөністік күрделі ою-өрнектермен әшекейленген белдеулер салынған.

Жалпы, шеберлердің өрнектеуге, бояуға, әшекейлеуге деген сүйіспеншіліктері сәулет өнерінен ғана емес, музейдің экспозиция залдарына қойылған қолөнер бұйымдарынан да айрықша байқалады. Әсіресе, сәндік шырағандар, михраб пен қоршау элементтері көрермендер назарын аударатыны сөзсіз. Бұлардың әшекейленіп өрнектелуіне ақ, қара, қызыл, сары, жасыл түстер асқан талғампаздықпен әдемі үйлесім тапқан. Мешіт порталының екі бүйіріне дәрісхана орналасып, оған жалғастырыла медресе шәкірттерінің жатақ үйлері – құжыралар салынған.

1910 жылы Жаркентте қатты жер сілкінісі болады. Көптеген үйлер қирап, үйіндіге айналған. Мешіттің порталы да қатты бүлінеді. Мұнаралар зақымдалып, қалқандарының қақ жарылуынан күмбездің төбесі жерге құлап түскен. Осыған орай, төбеге шығар баспалдақтар бітеліп, мешітке үлкен қақпа арқылы кіру тоқтатылған.

1918 жылы Жаркентте Кеңес үкіметі орнады. Жергілікті байлар шетелге қашып, кедейлердің мешітті күтіп ұстауға жағдайлары болмайды. Біраз уақыт оның кейбір бөлмелері астық сақтайтын қойма ретінде пайдаланылады. Сөйтіп, мешіт күтімсіздіктен тоза бастайды.

1948-1949 жылдары тұңғыш рет мешітке жан-жақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, соның нәтижесінде, сәулет өнерінің осы бір баға жетпес ескерткіші мемлекет қарамағына алынған. 1969 жылы оның салынуы мен безендірілу ерекшеліктерін оқып-үйрену мақсатында инженерлік зерттеу жұмыстары жүргізілген. 1975-1978 жылдары негізгі қалпына келтіру жұмыстары қолға алынады. Бұл жұмыстар 1979 жылы аяқталғаннан бері Жаркент мешіті сәулет көркемөнер мұражайы ретінде қызмет істеп келеді». (Жаркент мешіті – сәулет-көркем өнер музейі. Алматы «Өнер», 1986).

Жаркентте тағы бір тарихи мешіт бар боп шықты. Жұрт бұрын оны «татар» мешіті деп атайды екен. «Мешіт құрлысы 1894 жылы басталған. Мешіт салу жайлы Жаркент қаласының генерал-губернаторы ұсыныс етсе, жобасын сәулетші Хон Пи жасаған. Мешіт ағаштан қиып салынған. Бір қабатты.

XX басында Кеңес үкіметі кезінде мешіт жабылған. 1930 жылы жергілікті тұрғындар Әбдіжаппар Әбілханов пен Имамаддин Әшіров бастаған 124 кісі қол қойып, мешітті намазхандарға қайтару туралы сұраған. Әйтсе де, өтініш орындалмайды.

Мешіт әр жылдары әр түрлі қызмет атқарады. «Орленок» деген атпен кинотеатр да болған». (Алматы облысы мемлекеттік архивінің Панфилов ауданындағы филиалының қоры. Жаркент)

– Бұл мешіттер неге халыққа қайтарылмайды деймін Өзекеңе. Бірінші хатшы маған үрке қарады. Өзекең үндемеді...

Алматыда және Сарыөзекте қар жатқан. Ал Жаркентте көктем шығып үлгеріпті. Күн де жылы. Сөйтіп ескі шаһардағы діни-тарихи жәдігерлерді біраз араладық. Жаркент мешітінің үлкен қақпа маңы және мешітте де арабша жазулар бар болып шықты. Қайрат Мұстафин оларды және мешітті де суретке түсірді. Кейін оны мәдениет министрлігіне табыстапты. Мен де жазуларды қазақ тіліне аударып Өзекеңе бердім.

Өзекең осылай мені біре-бірте отандық тарихи жәдігерліктермен таныстыра, әрі оларды зерделеуге тарта берді.

Өзекең содан Қазақ ССР Мәдениет министрінің

орынбасары қызметін 11 жылдай атқарды. Сол жылдары анда-санда кездесіп тұрдык.

1986 жылы желтоқсан көтерілісінен кейін Өзекең Қазақ ССР Мәдениет министрі болып тағайындалды. Ол қандай қызметте жүрсе де қатынасымыз үзілген жоқ. Өзекең қоғамдық негізде Қазақтың шетелдермен мәдени-достық байланыс қоғамының Қазақстан-Араб елдері бөлімнің төрағасы, ал мен орынбасары болдым. 1988 жылы ол Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің хатшысы болып жоғарылап кетті.

5. ШЫҒЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

1977 жылы филология факультетінің жанынан ашылған араб бөлімі бірте-бірте үлкейе түсті. Арада өткен 10 жылдан астам мерзімде мен республикаға мұқтаж парсы, ұрду, һинди, кәріс, жапон, қытай бөлімдерін ұйымдастыруды да қолға алдым. Бұлардың ұстаздары әуелі мен басқарған араб филологиясы кафедрасында болды. Соңыра жеке кафедраларға бөлінді. Сол себепті енді осы сала бойынша жүргізілген дайындық арнайы факультет ашуды талап етті. Бірақ Мәскеу оған рұқсат бере қоймады.

– Орта Азияда Ташкентте, Душанбеде шығыстану факультеттері бар, Қазақстанға ол неге керек деумен болды. Сол жылдары КазГУ-дің ректоры болған Мейірхан Әбділдин бұл іске үрке қарап, тіпті қарсы шықты. Неге олай еткенін білмедім. Ол кісінің басшылығы кезінде, ректордың келісімінсіз бірінші проректор болып Виктор Герман, проректор болып шығыстанушы, иранист Лениншіл Рүстемовтың тағайындалуы, оның шамына тиген сияқты. Олар университеттің ғылыми кеңестерінде кейде сөзге келісіп та қалып жүрді. Кейін ол Л.Рүстемовты проректорлықтан алып тастаған соң, Лекең негізгі мамандығы бойынша бізде парсы тілінің оқытушысы болды.

Шығыстану факультетін ашу арманым ұзаққа созылатын болған соң, 1989 жылы Қазақ ССР Компартиясы Орталық комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке жазылдым. Арада біраз күн өткенде кеңесшісі Нұрсан Әлімбаев қабылдауға шақырды. Қабылдау бөлмесінде біраз ақын, жазушылар отыр екен. Өзекең мені бірінші қабылдады. Өтінішімді айтқанымда әдемі жымысымен:

– Ой, Әбеке! Мен сені көлік яки пәтер сұрауға келді ме десем. Факультет ашуға ректор қарсы дейді ғой. Неге деп сұрады.

– Ол жағын білмедім. Ол кісі физика-математика ғылымының маманы ғой. Шығыстану мәселесін түсінбегендіктен шығар.

– Жарайды. Мен Қазақ ССР Жоғарғы, орта және арнаулы білім министрі және ректормен де сөйлесейін деді.

Өзекеңнің айтқан сөзін аяқсыз қалдырмайтынын білем. Соңыра ол министр және ректордың да пікірін сұрапты. Ректор әдеттегідей қарсы шыққан. Әйтсе де Өзекең мәселенің оң шешімін табуына барынша көмек көрсетті. Бұл мәселе әуелі университет ғылыми кеңесінде қаралды. Факультет ашуға қолдау көрсетсін, М.Әбділдинге сөзі өтеді-ау деген оймен Ақжан Машанов ағамызды шақырғаным есімде. Ол жақсы сөйлеп, факультет ашу керек деген пікір білдірді. Содан кейін болашақ факультет ұжымымен де ғылыми жиын өтті. Оған да біраз кісілер қатысты. Ұмытпасам профессор Тұрсынбек Кәкішев және т.б. кісілер қолдау көрсетті.

Көп ұзамай үкімет арнайы қаулы қабылдады. Содан 1989 жылы Өзекеңнің көмегі және қадағалауымен 1989-90 оқу жылында жана факультет ашылды. Арада үш-төрт ай өткенде Өзекеңнің өзі де университетке келіп, факультеттің ұстаздары және студенттер қауымымен кездесті. Жас білім ошағының жағдайымен танысты. Мәжілісті мен ашып жүргізіп отырдым. Өзекең факультеттің ұстаздары мен студенттерін мұқият тыңдады. Оның осы сапары туралы «Қазақ әдебиеті» мен «Лениншіл жас» газеттерінде арнайы мақалалар басылды. Енді соларға назар аударайық:

«Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің секретары Өзбекәлі Жәнібеков Қазақтың С.М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің биыл ғана ашылған шығыстану факультеттерінің студенттерімен кездесті. Кездесуді факультет деканы Ә.Дербісәлиев ашты.

Өзбекәлі Жәнібек және профессор Әбсаттар Дербісәлиев ҚазҰУ-дың шығыстану факультетінде ұстаздар және студенттер қауымымен кездесті. Алматы, желтоқсан айы, 1989 ж.

Студенттер өз жағдайларын ортаға салды. Атап айтқанда: қазақша оқулықтар мен көрнекі оқу құралдарын дайындау, оқу ісінің материалдық жағын жетілдіру, компьютер жүйесін енгізу, шет елдермен қарым-қатынасты, оқу кестесін қарау, студенттерді жұмысқа орналастыру, степендия, жатақхана мәселелері әңгіме болды.

– Шығыстану факультеті осыдан 30-40 жыл бұрын ашылуы керек еді, – деді бұдан кейін сөз алған Ә.Жәнібеков. – Қазақ тарихы жайында мол деректер шығыс әдебиетінің қойнауында жатыр. Оны меңгермейінше біз өз тарихымызды толық игере алмаймыз. Осы кезге дейін бізде биік мәдениет болған жоқ, жаппай надан болдық деген ұшқары тенденция басым болып келді. Шығыстану факультеті түлектерінің болашақ міндеті мен парызы– шаң басқан тарихымызда қалпына келтіру арқылы, бүгінгі мәдениетіміздің ілгері басуына ықпал жасау. Сонымен бірге көне түркі мәдениетін де ұмытпауымыз керек. Шынын айтсақ, елімізде өзінің тілін, тарихын білмейтін жастар пайда бола бастады.

Ондай құбылысқа тек шынайы ұлттық мәдениетті ғана қарсы қоюға болады.

Кездесу соңында студенттер университеттен шығыстану факультетін ашуға тікелей басшылық жасағаны үшін Ә. Жәнібековқа шын жүректен алғыс айтты». («Қазақ әдебиеті», №49, 8-желтоқсан 1989 жыл).

«Үстіміздегі оқу жылынан бастап Қазақ мемлекеттік университетінде шығыстану факультеті ашылғаны белгілі. Бұл факультеттің қажеттігі өміріміздің әр саласында байқалып келген болатын. Біздің тарихымыздың дені араб харпімен жазылғаны және шығыс елдерінде жатқаны мәлім. Бүгінгі ұрпақ кешегі тарихқа тіс батыра алмай келеді. Ендеше, шығыстану факультеті рухани өміріміздегі осы олқылықтың орнын толтыруы керек.

Қазір Қазақстанның көптеген елдермен тікелей қарым-қатынас жасуға мүмкіндігі бар. Бірақ білікті мамандардың, аудармашылардың жоқтығынан біз көптеген Азия, Африка елдерімен көңілдегідей байланыс жасай алмай жүрміз. Ендеше, университеттің шығыстану факультеті республикамыздың түрлі министрліктері, ведомстволары және кәсіпорындары үшін маманадар мен аудармашылар даярласа, бұл саладағы олқылықтың да орны толады.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары Ә.Ж.Жәнібеков С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің шығыстану факультетінің студенттерімен кездескенде осы жағдайларға назар аударды. Факультет деканы Ә.Дербісәлиев жаңа саладағы алғашқы қадамдармен таныстырды». («Лениншіл жас» № 235, 9-желтоқсан 1989 жыл)

1991 жылы ол 60-қа тола салысымен зейнетке шықты. Мен 1992 жыл университеттің тілдер және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры болып тағайындалдым. Содан Өзекенмен түрлі кездесулерде ұшырасып, кейде тіпті үйінде де болып жүрдім. Өзекен кітап жазып жүр екен. Оның кейбір тұстарын маған оқып та жүрді. Мен ғылым, білім саласына байланысты өз пікірімді білдірем.

6. ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛІКТЕР

1994 жылы бірде ол телефон соқты. Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» атты өрбіту қоғамын құрғанын айта келе, менің «Рауан» баспасында жатқан «Қазақ даласының жұлдыздары» атты тарихи-филологиялық зерттеулерден тұратын еңбегімнің колжазбасын оқып шықсам бола ма деп сұрады.

– Неге болмасқа Өзеке, алыңыз, оқыңыз, пікіріңізді айтыңыз дедім.

Арада бірнеше ай өтті. Ол «Қазақ даласы

жұлдыздарының» өзіне ұнағанын айта келе, оған алғысөз жазу ойы» білдірді. Мен қуана келістім. Ол еңбегім сөйтіп 1995 жылы Өзекеннің төмендегідей алғысөзімен жарыққа шықты.

«Қолына қалам алып, үмітпен жоқ қуған зерттеушіге, әсіресе, мәдениет тарихы мәселелерінің айдан анық, қалтарыс-бұлтарысы жоқ даңғыл, ұзын ырғағы жатық сілтемелерге толы бола бермейтіндігінен де болар, біз соңғы кезге дейін қазаққа тек көшіп-қонып күнелткен, қала мәдениетінен құр алақан қалған ел ретінде қарап келдік. Оның жартылай отырықшы және отырықшы топтары қалыптастырған заттық және рухани мұрасына көңіл аударма алмадық. Тіптен үш мың жылдан астам тарихы бар халықтың және оның ата тегін құрағандардың бүкіл дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі жайында сөз қозғаудың өзі де бізге орынсыз болып көрінетін.

Әлкей Марғұланның, Мір Қадырбаевтың, Оразак Ысмағұловтың, Кемал Ақышевтің, Ауданбек Көбесовтің, сол сияқты Мыржақып (Мір Якуб) Дулатов, Мұқаметжан Тынышбаев секілді аға буын өкілдерінің зерттеп білгендеріне қарағанда, Қазақстан жерін қадым заманнан бастап-ақ мекендей бастаған дала тайпаларының кейініректегі түркі қыпшақ, моңғол қосындыларымен біте қайнасқан, түп-тамыры бірегей, орта ғасырларда болған. Отырар – Қаратау, Беғазы – Дәндібай, Андронов мәдениеттерінің қалдықтарынан, қазақтың дәстүрлі өнерінен, аса бай ауыз әдебиетінің нұсқаларынан, бізге жеткен жазба деректерден, түптеп келгенде, халқымыздың жасампаздығы мен шығармашылығынан аңғаруға болады.

Солай бола тұрса да, күні кешеге дейін бізге белгілі қазаққа қатысты деректердің Х ғасырдан бастап кездесетініне қарамастан (зерттей білсек, онан әрідегі деректер де табылуы мүмкін), қазақ халқының қалыптаса бастаған тұсын XV-XVI ғасырлармен шектеп, ал ол жасаған әдеби мұраны XVIII ғасырдан, Бұхар жырау шығармашылығынан ғана басаталады деп келмедік пе? Ортағасырлық ойшылдардан бар-жоғы бес алты ғана оқымыстысы – Әбу Насыр әл-Фарабиді, Жүсіп Баласғұниді, Ахмед Йасауиді, Махмұт Қашқариді, Мұхаммед Хайдар Дулатиді, Қадырғали Жалайыридi, онда да олардың соңғыекеуін ғана қазаққа теліп, қалғандарының бүкіл түркі халықтарына жататындығын бетке тақап қана өзімізге жақындатып келдік қой. Мұның өзі қазақ халқының жазу-сызудан кенже қалған, түгелдей көшпелі ел болды деп келген келеңсіз, бір жақты да қасаң пікірдің нәтижесі еді. Осындай ұшқары пікір, дәлелсіз сөздер әділетсіз де негізсіз екеніне мұнан да бұрынғы еңбектерімен белгілі болған шығыстанушы ғалым Әбсаттар Дербісәлиевтің қолыңыздағы «Қазақ даласының жұлдыздары» атты екі бөлімнен тұратын жаңа туындысын оқығанда

көзіңіз анық жетеді. «Жылғадан басталған дария» деп аталатын бірінші бөлімде Отырар өркениеті мен отырарлық ғалымдар, Ежелгі Сайрам мен Түркістан ғұламалары, Сыр бойының саңлақтары жайында сөз болса, «Соны мәдениет соқпақтары» делінген екінші бөлім «Тараз тарландары», «Көміліп қалған көмбелер», «Көне заман ескерткіштері» деген тараулардан тұрады.

«Қазақ даласының жұлдыздары» оқырманды мәдениет тарихының әлі де болса ашыла қоймаған беттерімен таныстыра түсетіні даусыз. Олай дейтініміз, біз осы уақытта дейін Отырар алқабы тарихқа Әбу Насыр әл-Фарабиді ғана берде деп келсек, автор, керісінше, Отырардан шыққан Фарабилердің 10-ының атын айтады. Тек атап қана қоймай, олардың өмірі мен шығармашылығына талдау жасап, нақтылы деректер келтіре отырып, салиқалы пікір айтқан, өзіндік ой түйіп, тұшымды тұжырымдар жасаған. Отырарлық ғаламдардың өмірі мен қызметіне қатысты мағлұматтарды ол Сирия, Марокко, Тунис секілді елдердегі бүкіл шығыс мәдениетінің мақтанышы болған кітапханалар мен қолжазба қорларынан. Батыс пен Шығыстың дуалы ауызды даналары мен шығыстанушы ғалымдарының еңбектерінен тапқан.

Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениет орталықтары ретінде тек Отырар мен Сайрам немесе Түркістан ғана емес, сондай-ақ Сыр бойындағы Женд, Баршынкент, Жанкент, Сығанақ, Қыпшақ, ал Талас – Шу алқабындағы Тараз. Құлан, Аспара, Баласағұн қалалары да тарихта белгілі болған. Алайда осы қалаларда дүниеге келгендіктен немесе мәңгі бақи өмір сүргендіктен олардың аттарын өздеріне ныспы еткен ғұламалардың, ақындардың, әдебиетшілердің шығармашылығы жөнінде біздің білетініміз жоқтың қасы десек те болатын. Ал туған қалаларын емес, өздері шыққан Дулат, Найман, Қоңырат, Жалайыр сияқты тайпалардың аттарын ныспы етіп қабылдаған зиялылар қалдырған күллі қазаққа, алаш атаулыға тән аса бай мұраны паш еткен еңбектер де шамалы.

Бұл ретте автор «анау айтты, мынау айтты» деген құрғақ әңгімеге емес, араб-парсы жазба деректеріне сүйенген. Олардың ішінде Алтайдан Атырауға дейінгі ұланғайыр кеңістікке ғұмыр кешкен елдің зиялы азматтары жөнінде де қызғылықты материалдар бар.

Әбсаттар Дербісәлиевтің бұл еңбегінің «Көне заман ескерткіштері» делінген соңғы тарауынан оқырман қауым моңғол шапқыншылығы кезінде соғыса-соғыса шегініп, ығыса-ығыса Мысыр жеріне, тіптен Дунай сыртына өтіп, сонда тұрақтанып қалған, ана тілі мен ата салтын жоғалтпай, елдің атын танытқан қыпшақтар жөнінде, XIV-XV ғасырларда дәуірлеген тұста олардың арасынан шыққан баһадүрлер мен ойшылдар жайлы, сол сияқты Қазақстанда және онан тыс жерлерде сақталған біздің халыққа қатысты

жазба ескерткіштерінен де қызғылықты мәліметтер таба алады.

Қысқасы, оқырманға ұсынылып отырған тарихи-филологиялық зерттеу өзінің мазмұнына өзек болған Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) мен оның ізбасарларының өмір жолын, ғылымға қосқан үлесін сөз қылып қана қоймай, олар туралы мағлұматты сол заманның әлеуметтік-саяси жағдайымен байланыстыра білгенімен құнды. Тағы бір аса қанағаттанғандықпен көңіл аударатын жәйт-көне Қазақстанның ежелгі қалалары мен қоныстарының Таяу және Орта Шығыс елдерімен, тіпті Үнді жұртымен да тығыз рухани, мәдени байланыста болғандығын дәлелдейтін мәселелердің автор назарынан тыс қалмағаны.

«Қазақдаласының жұлдыздарында» Қазақстанның мәдениеті мен ғылымының, әдебиеті мен өнерінің тарихында тұңғыш рет олардың тереңге меңзейтін бастаулары жайында сөз болмақ. Жылғадан басталған дария секілді соны мәдениет соқпақтары жөніндегі тарихи-филологиялық зерттеудің түпкі мәні де осында».

Кітаптың тұсау кесері 1995 жылы «Достық үйінде» өтті. Оны Өзекең ашып жүргізіп отырды, оған Қалтай Мұхамеджанов, Рабиға Сыздыкова, Халифа Алтай, Бекежан Тілегенов, Серік Әбдірайымов секілді тағы да басқа бірқатар зиялылар келіп сөз сөйледі. Оң пікір білдірісті.

Өзекеңмен одан кейінде қатынасымыз үзілген жоқ. Ол бірде маған еліміздің Оңтүстігіндегі Отырар, Түркістан, Иқан, Сауран, Өзгент, Сығанақ, Женд секілді т.б. қалаларын тікұшақпен аралауды айта келе: «өзің жазған шаһарлардан шыққан даналардың туған мекенін ерінбей аралайық», - деді. Бірақ университеттегі негізгі қызметіме және сабақ беруге байланысты уақыттың болмай-ақ қойғаны. Сөйтіп ол жүзеге аспады. Содан бір күні Өзекең тағы да хабарласып аталған жерлерді атпен аралауды ұсынды. Оның да реті келмегеніне осы күнге дейін өкінемін.

Өзекең табиғаты таза, өз ісіне берілген, кеудемсоқтығы жоқ кісі еді. Тіке сөйлейтін, ренжіп қалады-ау деп ойындағысын бұлталақтатпай, бүжіктемей тіке айтатын, әділетсіздікке жаны қас, білімді, зерделі, парасатты жан еді.

Өзекеңмен соңғы рет 1997 жылы ерте көктемінде үйінде ұшырастым. Естелігіне кіретін мәселелер туралы ақылдасқысы келгенін аңғартты. Байқағаным негізінен олар Өзекеңнің Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызмет етіп жүрген кездеріне байланысты болған сияқты. Өзекең әңгімесін айтуға оқталғанымен айтпады. Айтқысы келгені, менің ол туралы жазатынымды білгендіктен деп ойлады. Айтқысы келмегені, кейін жұрт оны қалай қабылдайды, қалай түсінеді деп тартыншақтады-ау деймін.

Қызметте болған соң мен де онымен ұзақ отыра алмадым. Соны байқаған Өзекеннің жұбайы Қалихан апай:

– Әй, Өзбек! Жіберсейші Әбсаттарды, қызметінде жұрт күтіп отырған болар,– деді. Өзекен менімен біртүрлі кимай коштаскандай болды. Өйткені Қазақстан республикасының сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаевтың мені Сауд Арабиясындағы жаңадан ашылған елшілігімізге қызметке шақырып жүргені, оған келісім бергенім, жуырда сол елге жүріп кетуім мүмкін екендігін Өзекен білетін.

Содан 1997 жылы сәуірде Риядқа аттанып кеттім. Сонда жүріп 1998 жылы ақпанда Өзекеннің дүниеден озғанын естідім. Елге оралған соң үйіне барып көңіл айттым.

Діни қызмет бабымен осыдан біраз жыл бұрын Қостанай облысының Торғай өлкесін араладым. Осы өңірдің Арқалық, Амангелді, Амантоғай, Торғай кенттерінде болып, халықпен жүздесіп, тарихына қанықтым. Арқалықтағы өлкетану мұражайында болғанымда азаматтардың оның алдына Өзбекәлі Жәнібековтың бюстін орнатқанын, сондай-ақ өміржолы мен осы аймақта облыстық партия комитеті хатшысы болған 1970-1975 жылдары халықтың жадында жақсы із қалдырғанын, Торғай жұртының оны сағына да сүйінішпен еске алатынының куәсі болдым.

7. АРҚАЛЫҚ ТЕАТРЫ

Ол шынында да солай-ды. 60 жылдардың аяғы 70 жылдары Мәскеуде Щепкин атындағы училищеде біраз Қазақстандық жастар оқыды. Олармен кейде кездесіп те жүрдім. Олар оқуларын тамамдаған соң Өзекеннің шақыруымен Торғайда ашылған музыка драма театрына 1972 жылы қызметке келді. Ол кезде Торғай өз алдына жеке облыс болып тұрғанды. Өзбекәлі Жәнібеков сонда облыстың партия комитеті басшыларының бірі ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар ежелгі мәдениет, ғылым-білімге тарихы бай өлкенің рухани өмірінің қайта жаңғыруына үлес қосты. Өзекен содан 1975 жылы Қазақстан Компартиясы орталық Комитетінің шетелдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі болып жоғарылап кеткенде торғайлықтар онымен кимай коштасқан.

Арқалық музыка театры демекші 2012 жылдың қаңтырында Қарағанды облысының Жезқазған аймағында іс сапарда болған кезімде, Өзекен өнерге баулыған «Щепкиндік» шәкірттерінің өсіп-жетіліп, Қазақ өнерінің өзіндік өнерпаздарына айналғандарының куәсі болдым. Аймақтағы өнер ордасы ұжымына батаңызды беріп кетіңіз деген өтінішке орай Жезқазғандағы Серәлі Қожамқұлов атындағы музыкалық драма театрына бас сұқтым.

Алдымнан жайрандай шыққан жылы жүзді, өзін театрдың бас режиссері деп таныстырған Досжан Жанботаев көзіме жылыұшырады. Сөйтсем ол кезінде Мәскеуде оқыған «Щепкиннің» түлегі, кейін Өзағанын камкор алақанына тап болған өнер қарлығаштарының бірі екен.

– Біз қазақ өнерін бағалайтын, оның шын жанашыры болған Өзағанның әкелік камқорлығын еш уақытта ұмытпаймыз. Сол кісінің демеуімен өнерге канат қаққан сол кездегі жастар, қазір республиканың түкпір-түкпірінде қазақ мәдениетіне үлес қосып жүр. Соның бірі менмін.

Аллаға шүкір атак дәрежем, сый-марапаттарым да бар. Қазақстанның халық әртісімін, ең бастысы Өзағаннан жұққан адами қасиеттерді, еңбекқорлықты, өнерге деген адалдықты, жанқиярлықты жанымызға серік етіп келеміз. Жарықтық, иманды болғыр ағамыз бізге, балаларынан кем қараған жоқ. Жоғымызды тауып жүруші еді. Бірде сол кездегі көсеміміз Ленин жайлы спектакль қоймақ болдық, Театр реквизиттерінің жұтаңдау кезі. Сонда да болса көсем кабинетін шынайы көрсетеміз деген өтінішімізге орай ол, обком хатшысының креслосын әкеліп беріп еді деп режиссер бауырым ұстазын сағынышпен еске алды.

Досжанның толғанысын көріп тұрып Өзбекәлі ағамыздың ел үшін жасаған еңбегінің еш кетпегенін, ол кісінің жарқын бейнесінің көзден кетсе де, көңілде жүргенін көріп разы болдым.

– Ол Алматыға ауысып кеткеннен кейін де бізді ұмытқан жоқ. Жағдайымызды біліп тұрды дейді Досжан ініміз.

8. ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ДА, ІСІ ДЕ ӨШПЕЙДІ

Өзекен қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына үлес қосты. Оның бастамасымен республикамыздың бірқатар қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылғанын жұрт жақсы біледі.

Ол қандай жоғары қызметтерде жүрмесін, өз камын күйттемей, өз жағдайын ойламай қарапайым жүрді. Жұпыны тұрды. Қазақстанға, халқына, аянбай еңбек етті.

Өзекен «Шертер», «Адырна», «Алтынай» және т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиевтер есімдерінің де халқына қайта оралуына күш жұмсады. Ол этнограф ретінде «Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жол айрықта» (1996), «Қазақ келіні» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996) секілді еңбектерін жариялады.

2008 жылдың 26-наурызында Алматыда Өзекеннің атына көше берілді. Оның салтанатына қатысып сөз

сөйледім. Күнделігіме ол туралы төмендегі сөздерді жазыппын:

«Алматыдағы қала әкімшілігі ұйымдастырған іс-шараға қатыстым. Онда Алматы қаласының Көктөбе жағындағы бір көшесін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтың аты берілді. Салтанатты қала әкімінің орынбасары Серік Сейдуманов ашып маған сөз берді. Мен Өзекен туралы естелік айта келе, мемлекет қайраткерінің өмірі мен қызметінің қыр-сырына тоқталып былай дедім:

– Құрметті бауырлар! Наурыз айының жаймашуақ күнінде қуанышты оқиғаның куәсі болып тұрмыз. Халқымыз үшін туған, соңғы демі қалғанша еліне аянбай еңбек еткен, әсіресе, оның мәдениеті мен ғылымына ерекше еңбегі сіңген ағамыз атындағы көшенің ашылуы ерекше қуаныш. Өзекенді 1977 жылдан бері білемін. Жиырма жылдай қоян-қолтық болмаса да, кездесіп тұрдық. Ол кісі шын мәнінде халық үшін, Отаны үшін туған ерекше жан еді. 1977-1975 жылы Алматы қаласында Бүкіләлемдік денсаулық сақтау конгресі өтеді деген кезде ол Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесін қайта қалпына келтіру ісіне атсалысуымды өтінді. Сөйтіп қадірменді ағамызбен бір айдай Түркістанда бірге болдым. Сол кезде Өзекен мәдениет министрінің орынбасары емес, қарапайым кісі сияқты жұмыс атқарды. Қолына күрек алып, жұмысшылармен бірге зембіл көтеріп жүрді. Осындай министрлер, министрдің орынбасарлары, шенеуліктер бар ма қазір?

Өзекен Мәскеудегі Щепкин атындағы көркемөнер училищесін бітіргелі тұрған бір топ жастарды Торғайға шақырып, Арқалықта театр ашқаны да есімде. Мен торғайлықтарға рахмет айтқым келеді. Арқалықтағы орталық мұражай алдында Өзбекәлі ағамызға ескерткіш орнатыпты. Ол ағаның Қазақстандағы тұңғыш ескерткіші. Мұражайдан Өзекеннің еңбегін айғақтайтын көптеген жәдігерлерді көрдім.

Өзбекәлі Жәнібеков қай саланы басқармасын, жоғары көтерді, дамытты, сөйтіп соңында өшпес із қалдырды. 1989 жылы Қазақ ұлттық университетінде шығыстану факультетін ашамыз деген кезде кейбіреулер мәселенің мәнісін түсінбей қолдамады. «Жастарды Құран оқуға дайындайсыңдар ма?» – деп қарсы шыққандар да ұшырасты. ҚКП Орталық Комитетінің хатшысы Өзбекәлі Жәнібековқа бардым. Ол кісі жымып: «Маған машина, пәтер сұрап келушілер көп. Сені де сондай бұйымтаймен келді ме десем. Жақсы, көмектесейін!» – деді. Қазірге дейін талай елшілер, дипломаттар, ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындаған факультет сол кісінің арқасында ашылып еді. Соңыра ол университетке келіп, студенттердің де жағдайымен танысты.

Өзекен үлкен жүректі ірі азамат болатын. Ол отаны оның мәдениеті, тілі, өнері, ғылымы үшін кам жеді. Қазіргілер әуелі өзін, қалтасын ойлайды. Ағамыз үлкен жүректі азамат болатын. Өзекен көшесімен жүрген кезде жұрт сол азаматтай еліне Отанына қызмет етуді ойласа екен деп тілеймін» деппін.

Өзекенді халқы ұмытпайды деп білем.

Ол ішкі мәдениеті терең, білімдарлығы мен өмірлік тәжірибесі ерекшеленіп тұратын жан еді. Өзбекәлі ағамыз және біз де қызмет еткен уақыт күрделі, қайшылығы көп, атеизмнің тасы өрге домалап тұрған кез болатын. Осындай қиындықтарға қарамастан ол халқы үшін аянбай қызмет етті. Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы сөйлеген бір сөзінде: «Біз өзіміздің өткенімізге, еліміздің тарихында елеулі із қалдырған аға ұрпаққа әрқашан құрметпен қарап келдік және солай бола береді де», – деді.

Иә, ол кез Одақтық орталық тарапынан жаппай қатаң бақылау жүргізілген заман болатын. Соған қарамастан Өзекен сияқты халқымыздың ерен ұлдары отанының ғылымы мен білімі дегенде өз биігінен табыла білді. Сол себепті де Өзекен қандай құрметке болса да лайық тұлға.

Тау алыстаған сайын биіктей береді дегендей оның жарқын тұлғасы бүгінгі және келешек ұрпақ үшін де қашанда үлгі.

Жуырда Өзекеннің ұлы Бауыржан ініміз Діни басқармаға келіп, әкесі туралы естелік жазып беруді сұрады. Естелік сол өтініш бойынша жазылды.

Өзекеннің өмірден өтердегі аманатына орай отыздан астам Фарабилер туған Отырардағы әулие Арыстанбапқа жерленгенін, басына кесене тұрғызылғанын естідім. Өзекен қандай қызметте жүрседе өз ісіне қашан да адал, табиғи тақуалық пен тазалықты, қанағатты жанына серік еткен асыл жан еді. Дін қызметіне келгелі Отырарға жолым түссе, халқымыздың осындай тамаша да аяулы перзенті, ұлтжанды, көрнекті мемлекет қайраткері, этнограф, тарихшы, ғалым Өзекенге Құран бағыштап кетем. Жаның жәннатта болсын, аяулы аға, үлкен жүректі азамат, халқымыздың біртуар ғазиз перзенті!

